ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

«EDU.E-HISTORY.KZ»
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 2(6) шілде-қыркүйек 2016
ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журнал

2016, № 2(6)

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

электронный научный журнал

2016, № 2(6)

ISSN 2710-3994

EDU.E-HISTORY.KZ

electronic scientific journal

2016, № 2(6)

Құрылтайшы:
Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Бас редактор
Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа:
Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,
Н. Әлімбай, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,
У. Фиерман (АҚШ), А.Чубарьян (Ресей)

Жауапты редактор:
З. Төленова

Редактор:
Р. Көбеев

Редакцияның мекен-жайы:
050100, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.,
Шевченко көшесі, 28,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,
«Edu.e-history.kz»
электрондық ғылыми журналының редакциясы
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Электрондық мекен-жай: https://edu.e-history.kz/

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде
міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

Учредитель и издатель:
РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:
Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусеитова, С. Ажигали,
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комеков,
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

Ответственный редактор:
З. Толенова

Редактор:
Р. Кубеев

Адрес редакции:
050010, Республика Казахстан,
г. Алматы,
ул. Шевченко, 28.
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
«Edu.e-history.kz»
Редакция электронного научного журнала
Телефон: +7(727)272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Сайт журнала: https://edu.e-history.kz/

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетелüство о регистрации:
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо обязательно ссылаться на журнал.

Founder and publisher:
RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"
of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

Editor-in-chief:
Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Editorial board:
R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

Executive editor:
Z. Tolenova

Editor:
R. Kobeev

Editorial address:
050010, Republic of Kazakhstan,
Almaty,
28 Shevchenko Str.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,
«Edu.e-history.kz»
Editorial electronic scientific journal
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59
E-mail: edu.history@bk.ru
Journal website: https://edu.e-history.kz/

The scientificjournal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, r
egistration certificate:
No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the journal.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.
ӘОЖ / УДК / UDK 94 (100)

ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАРИХТАҒЫ АҚТАҢДАҚТАР

Үкібаева Л.Қ.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының
2 курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада Тәуелсіз Қазақстан баспасөзіндегі ұлттық тарихтағы ақтаңдақтардың зерттелуі қарастырылады. Аталған мәселені зерттеуде жалпыұлттық ресми «Егемен Қазақстан» газетінде, «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналында жарияланған кәсіби тарихшы мамандардың тарихи тақырыптар төңірегінде көтерген мәселелері, өзекжарды ойлары мен мақалалары негізге алынды.
Түйін сөздер: Тәуелсіз Қазақстан тарихы, баспасөз, ұлттық тарих, ақтаңдақтар, «Егемен Қазақстан» газеті, «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы, кәсіби тарихшы мамандар, мақалалар.

ПРЕССА КАЗАХСТАНА И БЕЛЫЕ ПЯТНА НАЦИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ

Укибаева Л.К.

Магистрант 2 курса Института истории и этнологии им. Ч. Валиханова.

Аннотация. В статье рассматривается исследование белых пятен в национальной истории на страницах печати независимого Казахстана. В изучении данного вопроса были взяты за основу поднятые вопросы, мысли и статьи в области исторических тем профессиональных историков, опубликованные в общенациональной газете «Егемен Қазақстан» и национальном общественно-политическом журнале «Ақиқат».
Ключевые слова: история Независимого Казахстана, пресса Казахстана, белые пятна в национальной истории, газета «Егемен Қазақстан», национальный общественно-политический журнал «Ақиқат», профессиональные историки, статьи.

THE MEDIA OF KAZAKHSTAN AND WHITE SPOTS OF THE NATIONAL HISTORY

Ukibayeva L.K.

2-nd year Master Student of the Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

Abstract. The article deals with the study of white spots in the history of the national press of independent Kazakhstan. At studying this issue the author used the issues raised, the thoughts and articles of professional historians on historical topics, published in the national newspaper "Egemen Kazakhstan" and the national socio-political journal "Aqiqat".
Keywords: history of independent Kazakhstan, the press in Kazakhstan, white spots in the national history, the newspaper "Egemen Kazakhstan", national social-political journal "Aqiqat", professional historians, articles.

Еліміз тәуелсіздік тізгінін өз қолына алып, Қазақстан азат ел атанғанда қазақ жұрты тарихи жадын ақтарып ұлт мүддесін көздеген пікірлер айтылып, ата тарихымыздың ақтаңдақтары ашыла бастады. Егемендікке қол жеткізген тұста Қазақстан баспасөзі беттерінде ұлттық рух пен ел мүддесі мұндалап тұратын тақырыптағы мақалалар көптеп жарияланды. Қазақстан тарихын зерттеу барысында кәсіби тарихшы мамандар қай кезде де ылғи гуманистік бағытты ұстанып келеді. Ұлттық тарихтағы ақтаңдақтар мәселесін зерттеу аясында зиялы қауым мерзімді баспасөздің көмегіне жүгінеді, баспасөз арқылы қоғамға ой тастайды. Қазақ ғылымының аса көрнекті өкілі Ахмет Байтұрсыновтың пайымдауынша «Газет – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі». Қоғамның рухани жадын қалыптастыруда аталмыш газет-журналдарымыз бірқатар істер атқаруда. Ұлттық тарихтағы ақтаңдақтардың зерттелуі ұлттық баспасөз арқылы қоғамның салт-санасына өз әсерін тигізуде.

Бүгінде елімізде БАҚ-ы билік пен қоғам арасын байланыстырушы алтын көпір ретінде бағаланумен қатар, төртінші билік көзі болып отыр. Қазіргі таңда елімізде ақпарат алмасу саласында қалыптасқан тұрақты жүйелі түрде қызмет жасап келе жатқан баспасөз құралдары жеткілікті. Олардың ішінде қазақ оқырманының мәдени өмірінің рухани азығына айналып отырғандары: «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Қазақ әдебиеті», «Түркістан», «Ана тілі» газеттері мен «Ақиқат», «Простор» сияқты қоғамдық-саяси журналдар. Осы аталған газет-журналдар жүйелі түрде шығарылып, еліміздің ақпарат айдынында халыққа қызмет етіп жоғары сұранысқа ие болуда.

Еліміздің Конституциясында: «Бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті», – деп атап көрсетілсе [1], ал Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңында» оның «...мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басты нысаны» болып табылатыны айқындалды [2].

XXI ғасыр ақпарат ағымының ғасыры ғылым мен техниканың дамыған кемеліне жеткен кезі. Ақпарат тарату көздері пайда болған кезеңнен бастап алдымен түрлі қоғамдардың бір-бірімен ақпараттық байланыс жасауда, хабарлар алысты. Ал бүгінгі дамыған елдер бір-біріне ақпараттық ықпал етуге ауыса бастады. Кешегі егемендік алған тұста ақпарат атаулы көпшілік қауымға тек мерзімді басылымдар мен көгілдір экран арқылы ғана емес неше түрлі заманауи құрылғылармен толассыз ағылуда. Қазіргі жаһандану кезеңінде ұлттық құндылықтарымыздан айырылып қалу үрейі зиялы қауым өкілдерін алаңдатуда. Дәл осы тұста ұлттық басылымдарымыздың атқаратын рөлі зор.

Жалпы тарихта баспасөз материалдарын дерек ретінде қолдану басымдылыққа ие болып отырғандығын қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуші С. Смағұлова: «мерзімді баспасөзі қоғамдық өмірдің маңызды бір саласы болып табылады. Баспасөз – бұл мерзімді және мерзімсіз басылымдардың жиынтық атауы. Оны ақпараттар (хабар, есеп, сұхбат, репортаж), талдамалы (мақала, рецензия, шолу, хат), көркем-публицистикалық (суреттеме, очерк, публицистика, эссе, баллада, сатира) жанрларға бөлуге болады. Мерзімді басылымдардағы материалдар қоғамдағы өмірдің өткені жайында құнды мағлұматтар бере алатын дерек көзі бола алады»,- деп жазады [3, 4-б.].

Солардың бірі «Егемен Қазақстан» жалпыұлттық ресми газеті Қазақстан Республикасында жарыққа шығатын мемлекеттік ресми мерзімді баспасөз құралы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Егемен Қазақстан» біз құрып жатқан жаңа ғасырдың жаршысы болуға тиіс», – деп тарихы тереңнен тамыр тартқан басылымға зор үміт пен жауапкершілік артылатынын баса көрсеткен болатын. «Егемен Қазақстан» қазақ елінің даму жолында даму стратегиясын қоғам ішінде кеңінен насихаттауда, қоғамның ілгері дамуына тікелей әсер етіп отырған бас басылым атанып отыр. Бұл

ең алдымен мерзімді басылымның қаламы ұшқыр, қажырлы қаламгерлері мен жігерлі журналистерінің шынайы еңбегі мен көпшілік оқырман қауымның риясыз көңілінің арқасы. Қазақ басылымдарының ішінен «Егемен Қазақстан» газеті мен қатар «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы да қазақ қоғамының рухани жаңғыруна орасан зор үлес қосты. Бұл басылым беттерінде қоғамдық санаға серпін берген өзекжарды мәселер мен көкейтесті сұрақтарға жауап іздеген мақалалар, әр түрлі тақырыпты қамтитын материалдар жарияланды. Жоғарыда аталған газет-журналдар ұлт зиялыларының бас қосып пікір алмасатын «пікір тайқазанына» айналды, ұлттық болмысымыздың қалыптасу жолында ұлттық сананың ұйытқысы бола білуде. Сондай-ақ басылым беттерінде тарихи шежіредеден сыр шертер тақырыптағы материалдарға орын беріліп, ұлт санасында тарихи жадынының қайта жаңғыруына, біртұтас қазақ елінің мақсат-мұраты мен ұлттық мүддесін көздеген шығармалар оқырмандар ықыласына бөленді. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап-ақ бұл баспасөздерде Қазақ тарихына қатысты мынадай тақырыптарда: Алашорда тарихы, жаппай саяси репрессия тарихы, екінші дүниежүзілік соғыс және Қазақстан тарихы, тың және тыңайған жерлерді игеру, кеңестік кезеңдегі демографиялық үдерістер тарихының «ақтаңдақтарына» арналған М. Қозыбаев, К. Нұрпейісов, М. Асылбеков, О. Смағұлов, Қ. Алдажұманов, З. Қинаятұлы, М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, М. Тәтімов, Ж. Қасымбаев, Б. Көмеков, К. Байпақов, Х. Әбжанов, Ж. Абылхожин, С. Әжіғали, А. Тоқтабай, т.б. ғалымдардың зерттеу мақалалары жарияланды.

«Ақтаңдақ» беттер деген терминнің өзі алғаш рет 1987 жылғы ақпанда қолданылған екен [4, 5-6 бб.]. Жалпы халқымыздың дербес халық ретінде қалыптасуы кеше ғана басталған жоқ оның тамыры тереңде жатыр қазақ халқының шығу тегі, яғни этногенезінен басталады деп баса назар аударады. Қазақ тарихының өз зерттеушісін күтіп отырған «ақтаңдақтары» көп екендігіне әрбір тақырыпқа жеке-жеке тоқталады. Қазақ халқының тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаны» айтуға болады. Бақ-дәулет басымыздан ұшқан заманда қазақ халқы іргелі көршісі Ресейге үлкен үмітпен қол созды [4, 14-б.]. Патшалық Ресейге бағынышты ұлтқа айналуымыздың себебі де осы еді. Тарихшы ғалым қазақ тарихын кешенді тарихи зерттеулер үшін қоғамдық ғылымдардың пәнаралық байланыста болуы керек сол кезде зерттеу жұмысы өз нәтижесін беріп қоғам дамуын жеделдетеді бүгін қоғам бізден осыны талап етуде деген пікірлерімен бөліседі. Тарихшының «Халық кеңесі» газетіне берген сұхбаты «Ақтаңдақтар туралы ақиқат» деген атпен басылым бетінде жарияланды. Бұл сұхбатта тарихшы: «Тарихымыздағы ақтаңдақтар жағдайы ертеден-ақ белгілі еді. Студент болып жүрген кезімізде біздің ұстазымыз, профессор Ермұқан Бекмаханов Кенесары қозғалысы туралы концепциясы үшін жер аударылды. 1972 жылы мен Коммунистік партияның кадрлық саясаты жөнінде З.А. Голикова деген кісімен бірігіп монография шығардым. Бірақ сол кітапта кейбір еркін айтқан ойларым үшін қуғынға түстім. Алайда, біз догматтық, схоластық рухта тәрбиелендік», - деп мәлімдейді [5].

Кеңес заманында ұлт-азаттық көтеріліске біржақты көзқарасты пікір айтылып келді. Ұлт-азаттық көтеріліс бұқара халықты отарлық езу мен қанаудан туды. Өз елінде бөтеннің кейпін киген ұлт, өздерінің күн көрісінің бірден-бір табыс көзі саналатын құнарлы жерлерінен айырылғандығы олардың ашу-ызасын тудырды. Осы тақырыпта тарихшы-ғалым К. Нұрпейісов «Ұлт-азаттық күрес және «Алаш» қозғалысы» мақаласын жариялады. Мақаласында ғалым: «Өзінің ұлттық құрамы жөнінен Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс негізінен қазақтардан тұрды немесе моноұлттық болды. Көтерілістің тікелей басталуына патша өкіметінің 1916 жылғы 25-маусымда Қазақстан мен Орта Азияның тұрғылықты халықтарының азаматтарын майдандағы қара жұмысқа шақыру туралы шығарған жарлығы түрткі болды. Көтерілісшіл халықты да, оның зиялы қауым өкілдерін де келе жатқан 1917 жылдың қос төңкерісі мен оларға жалғасқан азамат соғысының «тар жол, тайғақ кешу» кезеңі күтіп тұрды»[6].

Қазақстан тарихының келесі бір ауыр нәубеті ашаршылық қасіреті болды. Елді социализм халқы атандыруға асыққан совет үкіметі қазақ жерін иеленуде күштеп ұжымдастыру саясатына көшті. Бұл ұжымдастыру науқанының салдары байырғы ата қонысында отырған қазақ жұртын

орны толмас қасіретке душар етті, арты ашаршылыққа келіп тірелді қаншама хылық қырылып қалды. Кәсіби тарихшы Т. Омарбековтің архив құжаттары негізінде жазылған баспасөз беттерінде «Ақтаңдақтар ақиқаты» айдарымен мынадай тақырыпта: «Қазақтар шыбындай қырылып жатыр...», «Жазықсыз жапа шеккендер», «Қазақ неге атқа қонды?» сияқты мақалалары жарияланды.

Бүтін елдің мақтанышына айналған хан-сұлтандарымыз, би-шешендеріміз, ақын-жырау, батырларымыз бен ұлт интелегенциясының өкілдері ағартушы-ғалымдарды ұлықтау тарихшыға артылған жүк. Аталған тақырыптарда тарихшыларымыз Ж. Қасымбаев: «Хан тарихы – Халық тарихы» (Абылай хан туралы), Х. Әбжанов: «Қазақстан интеллигенциясы: тарих пен тағдыр», «Жалған жұмақты әшкерелеген хат», «Ұлттың ұлы ұраншысы» мақалалары, М. Қойгелдиев: «Алашорда Ұлттық мемлекет құру мақсатының қойылуы: тарихтағы орны мен тарихи маңызы», «Алаштың Әлиханы немесе ол туралы архив материалдарына сөз берсек» атты тағы басқа да осы сияқты тақырыптар төңірегінде көптеген мақалалары жарияланды.

Осылайша халқымыздың қасіреті мен қуанышы қатар өрілген сан ғасырлық тарихын білу біздің абзал борышымыз. Ал біз сол ата тарихымызды насихаттау үшін ең алдымен біржақты көзқарастардан ада болуымыз керек. Кешегі бізді отар елге айналдырған отарлаушы елдердің үстем көзқарасымен бұрмаланған тарих беттеріндегі ақтаңдақтардан арылу жолдарын қарастыруымыз керек. Осындай ғибратты ғалымдар мен ұлағатты ұстаздардың артында қалған құнды мұраларының ұрпаққа берер тағылымы орасан зор.

Қазіргі таңда Қазақстан тарихының зерттелуі барысында ұлт баспасөзінің алатын орны өте жоғары. Себебі, баспасөз беттерінде жарияланған тарихи тақырыптарға арналған мақалалар мен арнайы сұхбаттар Қазақ тарихын кәсіби тұрғыда зерттеушілер мен қызығушылық танытушылар арасында екі ұдай пікірлер тудыруда. Ғылыми тұрғыда дәйекті зерттелген кәсіби маманның тұжырымы мен әуесқой тарихшының немесе журналистің ортақ тақырыптағы зерттеуінің мазмұны мен қорытындысы екі түрлі болып жататын тұстары болады.

Жалпы Қазақ тарихын зерттеуде архивтердегі құжаттарға жүгініп тиянақты түрде, қолда бар деректермен салыстыра отырып зерттелген материалдар ғана ұлт тарихындағы ақтаңдақтарды жоюға өз үлесін қоса алады. Сол пікірлерге назар аудару тарихта адасуға жол бермейтіні анық. Мұндай сәтте кәсіби тарихшы мамандарға жол берген дұрыс. Олар өздерінің тарихи зерттеулері арқылы оқырман қауымға құнды мағлұмат ұсына алады. Ал дәл осындай тарихи тақырыптарды төңірегінде кәсіби тарихшы мамандардан басқа да өз бетінше зерттеушілікпен айналысып жүрген журналист, бүгінгі қоғам қайраткерлері, әдебиетші тағы да сала мамандары бар. Бұлардың ішінде журналистер қауымы көп жағдайда көпшілік оқырман қауымның сұранысын қанағаттандыру мақсатында белгілі бір тарихи тақырыпты көркем публицистика стилімен өрнектелген тарихи тақырыпта жазылған материалдарды халыққа жеткізеді. Мұндай көркем тілмен жазылған материалдар оқырман көңілінен шығып бұқара көпшілік тарапынан жоғары бағасын алып жататыны да белгілі. Бірақ осы жерден келіп тарих беттерінің ақтаңдақ тұстарының мазмұны ашылмақ түгілі кей кездері түсініспеушілікке әкеліп соқтырып жататыны өкінішті. Кейінгі кездері әсіресе тәуелсіз елге айналғаннан кейінгі жылдары тарихты түгелдеу жаппай көрініс ала бастады. Бұл түсінікті жайт, өзінің рухани азығын теру ісі деп қабылдауға болатын құптарлық іс. Дегенмен осындай істің арқасында оқырман қауымның тарих беттеріндегі «ақиқаты мен аңызын» қайсы екенін ажырата алмай жатуына жол берілмеуі керек.

Сонымен өткеннен сабақ ала отырып жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беру жолында атқарылар істер аз емес. Мерзімді басылымдарда тарихи тақырыпта жарияланған мақалаларды пайдаланғанда аса жоғары сақтықпен қарап қолданғанымыз жөн. Баспасөз беттерінде де оларды жариялағанда жоғары талғаммен іріктеліп алынуы шарт. Сонда біз халқымыздың тарихи зердесін ашуда, тарихи санасын қалыптастыруда, ата тарихты құрметтеген буын өкілдерінің еңбектерімен, құнды мәліметтермен толықтырып рухани қазынамызды байытатын алтын қорға айналадыра аламыз. Бүгінгідей жаһандық даму жағдайында ұлт болып сақталып қалу үшін, ортақ мүддені

көздеген, ұлттық мәдени құндылықтарымызды мәңгілікке есте қалдыру, салт-дәстүрімізді құрмет тұтатын ұрпақ тәрбиелеуде үлгі көрсетіп насихаттау ортақ азаматтық парызымыз.

Әдебиет

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті Жарғы, 1999. – 10 б.

2 Қазақстан Республикасының «БАҚ туралы» Заңы. – Алматы: Жеті Жарғы, 1999. – 26 б.

3 Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы (XX ғ. 30-40 жж.). – Алматы: «Елтаным баспасы», 2011. – 432 б.

4 М. Қозыбаев. Ақтаңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 272 б.

5 Қозыбаев М. Ақтаңдақтар туралы ақиқат. // Халық кеңес. – 1991. – 14 қараша.

6 Нұрпейсов К. Ұлт-азаттық күрес және «Алаш» қозғалысы. // Ақиқат.– 1996. №6. – 45 б.

References

1 Qazaqstan Respublikasynyn Konstituciyasy. – Almaty: Zheti Zhargy, 1999. – 10 b.

2 Qazaqstan Respublikasynyn «BAQ turaly» Zany. – Almaty: Zheti Zhargy, 1999. – 26 b.

3 Smagulova S. Qazaq merzimdi baspasozi: shygu tarihy men derektik manyzy (XX v. 30-40 zhzh.). – Almaty: «Eltanym baspasy», 2011. – 432 b.

4 M. Qozybaev. Aqtaңdaqtar aqiqaty: Oqu quraly. – Almaty: «Qazaq universiteti», 1992. – 272 b.

5 Qozybaev M. Aqtaңdaqtar turaly aqiqat. // Halyq kenes. – 1991. – 14 qarasha.

6 Nurpeisov K. Ult-azattyq kures zhane «Alash» qozgalysy. // Aqiqat.– 1996. №6. – 45 b.

МАЗМҰНЫ

Ақынова А.П.
ВИЗАНТИЯ ИМПЕРИЯСЫ ЖӘНЕ ҒҰНДАР (IV-V ҒҒ).....8
Алмагамбетова А.М.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ШЕТЕЛДІК ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ.....13
Амиров Е.Ш.
ЖЕТІСУДЫҢ САҚ-ҮЙСІН КЕЗІНДЕГІ ХАЛЫҒЫНЫҢ ӘСКЕРИ ІС ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ ТУРАЛЫ (ҚАРАТУМА ҚОРЫМЫНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША).....20
Атығаев Н.А.
Б.Г. АЯҒАННЫҢ «РАССВЕТЫ И СУМЕРКИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ» КІТАБЫ ТУРАЛЫ.....27
Атығаев Н.А.
ТАҒЫ ДА Б.Ғ. АЯҒАН КІТАБЫ ТУРАЛЫ.....40
Ахмади Л.
ЮНЕСКО АУҒАНЫСТАНДАҒЫ ӘЛЕМДІК МҰРАЛАРЫН САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....48
Ашимбаева Ф.Е.
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІ МЕН БАЙЫРҒЫ КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ.....55
Бисембаева Л.А.
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ, ОНЫҢ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНЕ ӘСЕРІ: ДЕНСАУЛЫҒЫ, ЕМДЕУ ШАРАЛАРЫ (1867-1917ЖЖ). (ВЕРНЫЙ УЕЗІ БОЙЫНША).....60
Досекеева К.А., Ахатаева К.Б.
АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ КӨП САЛАЛЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ БІР ҚЫРЫ.....66
Есжанова Н.
ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТРОНДЫ ҮКІМЕТ: ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛАШАҒЫ.....72
Жандарбек З.
ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕЛЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ.....78
Жетпісбай Н.Ы.
АБАТ БАЙТАҚ КЕШЕНІНДЕ ЖЕРЛЕНГЕН АДАМДАРДЫ АНЫҚТАУ ТУРАЛЫ.....105
Игиликова С.И.
СҮЙІНБАЙ БИ.....115
Искакова Ғ.З., Байдавлетова М.Д., Өскенбай М.Ә.
ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫНДА ҚАЛЫПТАСҚАН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ КЕҢІСТІК ТУРАЛЫ ТҮСІНІК.....119
Касабулатова Г.М.
XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ. ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІҢ БОЙЫНША.....129
Касабулатова Г.М.
РАФАЭЛЬ ПАМПЕЛЛИДІҢ «ТҮРКІСТАНҒА САЯХАТ» ЕҢБЕГІНЕ ҚЫСҚАША ШОЛУ.....134
Ксенжик Г.Н.
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ – ОТАНДЫҚ КАРТОГРАФИЯ НЕГІЗІН САЛУШЫ.....138
Қозғамбаева Г.Б.
ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАРУ– ЖАРАҚТАРЫ.....146
Құлсариева С.П., Нұрасылова А.
БОЛГАРИЯДАҒЫ ТҮРІК ДИАСПОРАСЫ: ЗЕРТТЕУГЕ ТАЛДАМАЛЫҚ ШОЛУ.....152
Құрманбаева Г.Қ.
МӘШһҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЖЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....159
Мейрманова Г.А.
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТАМАҚТАНУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ СҮТТЕН ЖАСАЛҒАН ТАҒАМДАРҒА СИПАТТАМА (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ).....165
Мейрманова Г.А.
ФАЛЕРИСТИКА ҒЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ.....171
Мұқатаева Л.К., Сұлтанғазы Г.Ж., Нұрбаев Ж.Е.
ОРЫС-АҒЫЛШЫН БАСЕКЕЛЕСТІГІ КОНТЕКСТІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН (XVIII-XIXғғ.).....178
Нұғыманов С.
1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫ.....187

Нұртазина М.
ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ МЕН КЕЗЕҢДЕРІН ТАЛДАУ.....192
Омарова У.А.
ЧАМДАРДЫҢ ДІНШІЛДІГІ ЭТНОСЫН САҚТАУ ҚҰРАЛЫ.....200
Өтепова Г.Е.
1916 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚИҒАЛАР ТУРАЛЫ ЖАҢА МҰРАҒАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАР.....209
Өтепова Г.
РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР.....215
Тасилова Н.А., Тойшубекова Ж.К.
«ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» - ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ.....224
Тұрлыбек А.Е., Жұматаева Д.Н.
ӘНУАР ПАШАНЫҢ ЭММИГРАЦИЯ ЖӘНЕ БОЛШЕВИКТЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ.....231
Үкібаева Л.Қ.
ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАРИХТАҒЫ АҚТАҢДАҚТАР.....242
Хайрулдаева А.М.
ЗАР ЗАМАН АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАЗИЯЛЫҚ ЕЛДЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ.....247

СОДЕРЖАНИЕ

Акынова А.П.
ВИЗАНТИЙСКАЯ ИМПЕРИЯ И ГУННЫ (IV-V ВЕК).....8
Алмагамбетова А.М.
ЗАРУБЕЖНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ О ТЮРКСКИХ НАРОДАХ КАЗАХСТАНА.....13
Амиров Е.Ш.
О ВОЕННОМ ДЕЛЕ И ХОЗЯЙСТВЕННОЙ СПЕЦИФИКЕ НАСЕЛЕНИЯ ЖЕТЫСУ В САКО-УСУНЬСКИЙ ПЕРИОД (ПО МАТЕРИАЛАМ МОГИЛЬНИКА КАРАТУМА).....20
Атыгаев Н.А.
О КНИГЕ Б.Г. АЯГАНА «РАССВЕТЫ И СУМЕРКИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ».....27
Атыгаев Н.А.
ЕЩЕ РАЗ О КНИГЕ Б.Ғ. АЯҒАНА.....40
Ахмади Лаик
ПРОБЛЕМЫ СОХРАНЕНИЕ ВСЕМИРНОГО НАСЛЕДИЯ ЮНЕСКО В АФГАНИСТАНЕ.....48
Ашимбаева Ф.Е.
ПРЕЕМСТВЕННОСТИ МЕЖДУ АНТИЧНЫХ КОЧЕВНИКОВ И ПАМЯТНИКОВ В ЭПОХУ БРОНЗЫ В КАЗАХСТАНЕ.....55
Бисембаева Л.А.
СОЦИАЛЬНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ В СЕМИРЕЧЕНСКОЙ ОБЛАСТИ, ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ПОВСЕДНЕВНУЮ ЖИЗНЬ НАСЕЛЕНИЯ: ЗДОРОВЬЯ, ПУТИ ЛЕЧЕНИЯ (1867-1917). (ПО ВЕРНЕНСКОМУ УЕЗДУ).....60
Досекеева К.А., Ахатаева К.Б.
ОДНО ИЗ НАПРАВЛЕНИИ МНОГОПРОФИЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛАШСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ.....66
Есжанова Н.
ЭЛЕКТРОННОЕ ПРАВИТЕЛЬСТВО В КАЗАХСТАНЕ: РЕАЛИЗАЦИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ.....72
Жандарбек З.
ИСТОРИЯ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И ФОРМИРОВАНИЕ КАЗАХСКОЙ ГЕНЕАЛОГИИ.....78
Жетписбай Н.Ы.
К ВОПРОСУ ОБ ИДЕНТИФИКАЦИИ ПОГРЕБЕННЫХ В КОМПЛЕКСЕ АБАТ БАЙТАК.....105
Игиликова С.И.
СУЮНБАЙ БИ.....115
Искакова Г.З., Байдавлетова М.Д., Оскенбай М.А.
ПРЕДСТАВЛЕНИЕ О ГЕОГРАФИЧЕСКОЙ СРЕДЕ В ТЮРКСКОМ КАГАНАТЕ.....119
Касабулатова Г.М.
ГЕОГРАФО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ КАЗАХСТАНА В XIX В. ПО ИСТОРИЧЕСКИМ ИСТОЧНИКАМ.....129
Касабулатова Г.М.
КРАТКИЙ ОБЗОР КНИГИ РАФАЭЛЯ ПАМПЕЛЛИЯ «ПУТЕШЕСТВИЕ ПО ТУРКЕСТАНУ».....134
Ксенжик Г.Н.
Ч.Ч. ВАЛИХАНОВ – ОСНОВОПОЛОЖНИК ОТЕЧЕСТВЕННОЙ КАРТОГРАФИИ.....138
Козгамбаева Г.Б.
ТРАДИЦИОННОЕ ОРУЖИЕ КАЗАХОВ.....146
Кульсариева С.П., Нурасилова А.
ТУРЕЦКАЯ ДИАСПОРА БОЛГАРИИ: АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОБЗОР ИССЛЕДОВАНИЙ.....152
Курманбаева Г.К.
В ЗНАМЕНИТЫХ РУКОПИСЯХ ИОСИФА ПРОБЛЕМА ПАЛОМНИЧЕСТВА.....159
Мейрманова Г.А.
ТРАДИЦИОННОЕ ПИТАНИЕ У КАЗАХОВ И ОСОБЕННОСТИ МОЛОЧНЫХ ИЗДЕЛИИ (СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ).....165
Мейрманова Г.А.
О НАУКЕ ФАЛЕРИСТИКЕ.....171
Мукатаева Л.К., Султангазы Г.Ж., Нурбаев Ж.Е.
КАЗАХСТАН В КОНТЕКСТЕ РУССКО-АНГЛИЙСКОГО СОПЕРНИЧЕСТВА (XVIII-XIXВВ.).....178
Нугыманов С.
ГОЛОД В КАЗАХСТАНЕ 1921-1922 ГГ. И НАЦИОНАЛЬНАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ.....187

Нуртазина М.
АНАЛИЗ ПРЕДПОСЫЛОК И ЭТАПОВ СТАНОВЛЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИННОВАЦИОННОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА 192
Омарова У.А.
РЕЛИГИОЗНАЯ ИДЕНТИЧНОСТЬ ЧАМОВ КАК ИНСТРУМЕНТ СОХРАНЕНИЯ ЭТНИЧНОСТИ.....200
Отепова Г.Е.
НОВЫЕ АРХИВНЫЕ МАТЕРИАЛЫ О СОБЫТИЯХ 1916 ГОДА В КАЗАХСТАНЕ.....209
Отепова Г.Е.
ВОПРОСЫ ИЗМЕНЕНИЯ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ЗАКОНОДАТЕЛЬНЫХ АКТАХ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ.....215
Тасилова Н.А., Тойшубекова Ж.К.
«МАТЕРИАЛЫ ПО КИРГИЗСКОМУ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЮ...» КАК ИСТОЧНИК ПО ИСТОРИИ КАЗАХСКИХ ХОЗЯЙСТВ.....224
Тұрлыбек А., Жұматаева Д.Н.
Эммиграция ЭНВЕРА-ПАШИ И ЕГО ОТНОШЕНИЯ С БОЛЬШИВИКАМИ.....231
Укибаева Л.К.
ПРЕССА КАЗАХСТАНА И БЕЛЫЕ ПЯТНА НАЦИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ.....242
Хайрулдаева А.М.
ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА СО СТРАНАМИ ОРФОЗИИ В ТВОРЧЕСТВЕ ЗАР-ЗАМАНСКИХ ПОЭТОВ.....247

CONTENTS

Akynova A.P.
BYZANTINE EMPIRE AND HUNTS (IV-V CENTURY).....8
Almagambetova A.M.
FOREIGN STUDIES ABOUT TURKIC PEOPLES OF KAZAKHSTAN.....13
Amirov E.Sh.
ABOUT MILITARY SCIENCE AND ECONOMIC SPECIFICS OF THE POPULATION OF ZHETYSU DURING THE SAKA-WUSUN PERIOD (ON MATERIALS OF A BURIAL GROUND OF KARATUMA).....20
Atygaev N.A.
ABOUT THE BOOK OF B.G. AYAGAN "DUNRISES AND DUSK OF THE KAZAKH STEPPE".....27
Atygaev N.A.
ONCE AGAIN ABOUT THE BOOK B.G. AYAGANA.....40
Ahmadi L.
PROBLEMS OF CONSERVATION OF WORLD HERITAGE IN AFGHANISTAN UNESCO.....48
Ashymbaeva F.E.
CONTINUITY BETWEEN ANTIQUE NOMADS AND MONUMENTS DURING A BRONZE ERA IN KAZAKHSTAN.....55
Bissembayeva L.
THE SOCIAL SITUATION IN THE REGION SEMIRECHYE, ITS IMPACT ON THE DAILY LIFE OF THE POPULATION: HEALTH, THE WAY OF TREATMENT (1867-1917). (ON THE VERNY UYEZD).....60
Dosekeeva K.A., Ahataeva K.B.
ONE OF DIRECTION OF MULTI-FIELD ACTIVITY OF ALASH INTELLIGENTSIA.....66
Yeszhanova N.
E-GOVERNMENT IN KAZAKHSTAN: REALIZATION AND PROSPECTS.....72
Zhandarbek Z.
THE HISTORY OF ORIGIN AND FORMATION OF THE KAZAKH GENEALOGY.....78
Zhetpisbay N.Y.
ON THE IDENTIFICATION OF PERSONS BURIED IN THE ABAT BAYTAK COMPLEX.....105
Igilikova S.I.
SUYINBAY BI.....115
Iskakova G.Z., Baydavletova M.D., Oskenbay M.A.
THE IDEA OF THE GEOGRAPHICAL ENVIRONMENT IN THE TURKIC KHAGANATE.....119
Kasabulatova G. M.
GEOGRAPHICAL AND ECONOMIC POSITION OF KAZAKHSTAN IN THE XIX CENTURY. ACCORDING TO HISTORICAL SOURCES.....129
Kasabulatova G.M.
BRIEF REVIEW OF BOOK RAPHAEL PAMPELLIY «JOURNEY ACROSS TURKESTAN».....134
Ksenzhik G.N.
Ch.Ch. VALIKHANOV – THE FOUNDER OF DOMESTIC CARTOGRAPHY.....138
Kozgambaeva G.B.
TRADITIONAL WEAPON OF KAZAKHS.....146
Kulsariyeva S.P., Nurasilova A.
THE TURKISH DIASPORA IN BULGARIA: AN ANALYTICAL REVIEW OF RESEARCH.....152
Kurmanbayeva G.K.
THE ISSUE OF HAJJ IN THE WRITINGS OF MASHKHUR ZHUSSUP KOPEYULY.....159
Meirmanova G.A.
NUTRITION SYSTEM OF THE KAZAKH PEOPLE AND DESCRIPTION OF DAIRY FOODS (COMPARATIVE ANALYSIS).....165
Meirmanova G.A.
ON THE SCIENCE OF PHALERISTICS.....171
Mukataeva L.K., Sultangazy G.Zh., Nurbayev Zh. E.
KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF RUSSIAN AND ENGLISH COMPETITION (XVIII-XIX).....178
Nugymanov S.
FAMINE IN KAZAKHSTAN OF 1921-1922 AND THE NATIONAL INTELLIGENTSIA.....187

Nurtazina M.
ANALYSIS OF PREREQUISITES AND STAGES FOR THE FORMATION OF THE NATIONAL INNOVATIVE SYSTEM OF KAZAKHSTAN.....192
Omarova U.A.
RELIGIOUS IDENTITY CHAM AS A TOOL FOR PRESERVATION OF ETHNICITY.....200
Otepova G.
NEW ARCHIVAL MATERIALS ABOUT THE EVENTS OF 1916 IN KAZAKHSTAN.....209
Otepova G.
THE ISSUES OF CHANGES IN THE JUDICIAL SYSTEM ON THE TERRITORY OF KAZAKHSTAN IN THE LEGISLATIVE ACTS OF THE RUSSIAN EMPIRE.....215
Tasylova N., Toyshubekova Zh.
«MATERIALS ON THE KYRGYZ (KAZAKH) LAND USE» AS THE SOURCE FOR HISTORY OF KAZAKH FARMS.....224
Turlybek A., Zhumatayeva D.
IMMIGRATION OF ENVER PASHA AND HIS RELATION WITH BOLSHEVIKS.....231
Ukibayeva L.K.
THE MEDIA OF KAZAKHSTAN AND WHITE SPOTS OF THE NATIONAL HISTORY.....242
Khairuldaeva A.M.
RELATIONS OF KAZAKHSTAN WITH ORTHOSIA COUNTRIES IN THE WORKS OF ZAR ZAMAN POETS.....247

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2016. 2(6)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.06.2016.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй